

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 191-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 7 қыркүйекте № 21177 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 50 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10381 болып тіркелген, 2015 жылдың 20 наурызында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2020 жылғы 4 қыркүйегі  
№ 191-НҚ Бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 50 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі**

№ р/с	Біліктілік талаптары	Қызметті жүзеге асыру үшін ұсынылатын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1	Стандарттау бойынша стандарттың стандарттың нөмірі	Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар туралы ақпаратты камтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	

2	*Өндірістік техникалық базаның (технологиялық жабдықтың, өлшеу және бақылау құралдарының, оның ішінде қолданыстағы ҚР СТ 989 - 2007 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес дайындалған мемлекеттік рәміздердің сапасын және оларды дайындаудың технологиялық процесін сақтауды қамтамасыз ететін түстер атласының) болуы	Технологиялық жабдық, өлшем және бақылау құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
3	Пайдаланылатын өлшем құралдарын және сынау жабдығын салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы	Сертификатты берген ұйымның атауы, сертификаттың атауы, нөмірі мен күні туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
4	Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 - 2007 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі қоса берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің басты модельінің болуы	Әрбір өндірілген үлгілік өлшемнің басты моделі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
5	Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 - 2007 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы". Жалпы техникалық талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі қоса берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің өндірістік эталондық үлгісінің болуы	Әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің эталондық үлгісі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
6	Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларына сәйкес шығарылатын өнімге СТ-KZ нысанындағы сертификаттың болуы (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10947 тіркелген)	Сертификатты берген ұйымның атауын, нөмірін және күнін көрсете отырып, СТ-KZ нысанының сертификаты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	

\* Егер өтініш берушінің өндірістік орны, техникалық жабдықтары болмаған жағдайда, онда жалдау шарты көрсетіледі

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік Туы мен  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік Елтаңбасын  
дайындау жөніндегі  
қызметті жүзеге асыру үшін  
қойылатын біліктілік талаптар  
мен олардың сәйкестігін  
растайтын құжаттар тізбесіне  
қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті**

## жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Стандарттау жөніндегі құжаттардың болуы:

стандарттың атауы \_\_\_\_\_

стандарттың нөмірі \_\_\_\_\_

2. Өндірістік технологиялық база \_\_\_\_\_

3. Технологиялық жабдықтың атауы \_\_\_\_\_

4. Өлшеу және бақылау құралдарының атауы түстер атласының болуы

(атауы) \_\_\_\_\_

(салыстырып тексеру/метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың берілген күні, сертификатты берген органның атауы, сертификаттың қолданылу мерзімі)

5. Салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттар, салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың нөмірі

\_\_\_\_\_ салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың берілген күні \_\_\_\_\_

сертификатты берген органның атауы \_\_\_\_\_

сертификаттың қолданыс мерзімі \_\_\_\_\_

6. Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 – 2007 "Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік Елтаңбасы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне оң сынақ нәтижесін қолдана отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің басты модельінің болуы \_\_\_\_\_

7. Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 – 2007 "Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік Елтаңбасы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне оң сынақ нәтижесін қолданумен Қазақстан Республиканың Мемлекеттік Елтаңбасының

әрбір өндірілген өлшемінің өндірістік эталондық үлгісінің болуы \_\_\_\_\_

8. ҚР СТ 989 – 2007 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Жалпы техникалық шарттар" және (немесе) ҚР СТ 988 – 2007 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес дайындалатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы өніміне СТ-KZ нысанында тауардың шығарылуы туралы

сертификаттың болуы \_\_\_\_\_

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ